

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОГАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ**  
**М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ**  
«Мәдениет және өнер» факультеті  
«Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасы



**B030 - Бейнелеу өнері білім беру бағдарламасы тобы бойынша  
талапкерлерге арналған шығармашылық емтихан  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Шымкент, 2025 ж.

B030 – «Бейнелеу өнері» білім беру бағдарламаларының тобы бойынша окуга түсे�тін талапкерлерге арналған шығармашылық емтихан бағдарламасы.

**Бағдарлама** «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының мәжілісінде қаралған,  
№ 29 хаттама «29» 04 2025 ж.

Кафедра менгерушісі Данияр Болысбаев Д.С.

**Бағдарлама** «Мәдениет және өнер» факультетінің әдістемелік комиссиясымен мақұлданған, хаттама № 9 «30» 04 2025ж.

ӘК төрайымы Г.С. Ауелбекова

## **ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандығы № 600 бұйрығынегізінде өзірленген.

Шығармашылық емтихан тапсыру үшін түсушілерден өтініштерді қабылдау ЖЖОКБҰ-да күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 7 шілдесі аралығында жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылғы 8-15 шілде аралығында өткізіледі.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

### **Мақсаты:**

Оқуға түсуші Бейнелеу өнері білім беру бағдарламалары тобы осы бағдарлама арқылы шығармашылық емтихандардың мақсаттарын, талаптарын болашақ мамандыққа қажетті алғашқы қасиеттерімен алғышарттарын түсіндіру.

**Міндеттері:** Бағдарлама арқылы оқуға түсуші талапкерлерге шығармашылық емтиханның нақты талаптары, реалистік суреттің теориялық және практикалық дағдылары мен сурет салу мүмкіншіліктерін арттыру.

### **Мазмұны**

#### **Кіріспе:**

Кескіндеме суретші дүниеге әкелетін кез-келген өнер туындысында нәзік сезімді, түйсікті, қиял мен ойды жеткізуудің аса күшті құралы. Дүниеге қөзқарасты, тұрақты жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады.

Форма мен тұс арқылы ойлауга баулытын кескіндеме өз алдына үлкен өнер, сонымен бір мезетте ғылым болып табыла отырып, практикалық жұмыста әр түрлі бояқтардың бір-біріне әсер ету техникасы мен технологиясын үйренеді, үш өлшемді кеңістіктегі заттың пластикалық құрылымын бейнелейді.

Кескіндеме бағдарламасы әлемдік және Қазақстандық реалистік мектептің ең озық дәстүрлері мен тәжірибелерін пайдалануға негізделген және болашақ мамандар адам мен оны қоршаған заттарды терең зерттеп білуге бағыттайды.

#### **Кіріспе:**

Оқуға түсуші мамандықты есте сақтау, қиялдау, ойлау арқылы немесе тақырып бойынша картина салу, оқуға түсушінің шығармашылық ой-

қабілетін дамытып, өзін қоршаған әлемдегі құбылыстар туралы танымын байытып, терендете түседі.

Олар: бақылау, ойлау, композициялық шешім табу т.б. Композициядан емтихан тапсырғанда талапкерлер гипстен жасалынған геометриялық денелерден натюрмортты екі түсті мата фонында, жанынан жарық түсірілген натюрморт суретін салады.

### **Негізгі ереже:**

Сурет орындалғаннан кейін жұмыстарды бағалау кезінде мына келесі қабілет пен білім деңгейлері ескеріледі:

1. Композиция заңдылықтарын білу, суретті қағаз бетіне орналастыра білу/ формат пен көлеңкенің салыстырмалылық қатынасы;
2. Зат көлемі негізін, құрылымын түсіну деңгейі;
3. Сызықтық перспектива тапсырмаларын шешу деңгейі;
4. Сурет салу кезінде көлемді заттардың көлемін бере білу қабілеті;
5. Сурет салу техникасын менгеру.
6. Натюрмортты салу кезінде көлеңке және жарық бере білу қабілеті;
7. Бояу жағудың техникасын менгеру.

### **Емтихан талаптары**

Шығармашылық емтихандар екі кезеңде өткізіледі:

1. **Сурет, кескіндеме 1**
2. **Композиция 1**

Талапкер шығармашылық емтихан тапсыру кезеңінде нысанға қарап, сурет және кескіндеме өнері арқылы қарапайым денелерден құралған натюрморттың суретін салады, оның көлеңке жарығын дәл таба білуі, қағаз бетіне дұрыс орналастыра отырып, білім деңгейін көрсетеді.

### **№ 1 шығармашылық емтихан: Сурет, кескіндеме 1 (ақ-қара)**

**Тапсырма:** Матасы бар геометриялық денелерден құралған натюрморт

Талапкердің алдына қойылған міндеттеме – қойылымдағы барлық заттардың сипатын және сызықтық-конструктивтік көлемін көрсету, заттардың өзара бір-бірімен тепе-тендік арақатынасын дұрыс сақтай отырып, жазықтықтағы көрінбейтін және көмекші сызықтарды пайдаланап натюрморт құрылымын сауатты жазу.

**Материалдар:** А3 форматтағы қағаз, үшкірленген графиттік қарандаштар, жұмсақ өшірілетін өшіргіш (ластик).

### **№ 2 шығармашылық емтихан. Композиция 1 (түрлі-түсті)**

**Тапсырма:** Еркін такырыптағы композициялық жұмыс

Емтихан жұмысы кез келген жанрдағы техникалық тәсілдерді қолдана отырып, түрлі стильдеу түрлері мен формаларын және бейнелердің графикалық шарттылығын пайдалана отырып қағазда түспен орындау.

Мұның бәрі жалпы шығармашылық ойдын тақырыпқа сайкес келуі мен таңдалған тақырыптың пәндік мазмұнының мағыналық көрінісін көркемдік-композициялық түрғыда көрсету.

**Материалдар:** А3 форматтағы қағаз, үшкірленген графиттік қарандаштар, жұмсақ өшірілетін өшіргіш (ластик), акварель, гуаш, түрлі-түсті қарандаштар.

**B030-«Бейнелеу өнері»білім беру бағдарламалары тобыталапкерлеріне арналған шығармашылық емтихан бойынша бағалау критерийлері (оку мерзімі – 4 жыл)**

**«Сурет, кескіндеме 1» пәні бойынша**

**1. Жоғары деңгей -30-дан 50 баллға дейін – «өте жақсы»**

1. Суреттің композициялық шешімін өте жоғары деңгейде орналастырған;
2. Сызықтық перспектива мен бояу түстерін нақты таба білген;
3. Заттардың көлемін ренктер арқылы көрсетудің жоғарғы деңгейде болуы және жұмыс сапалы аяқталған.

**2. Жеткілікті деңгей -16-дан 29 баллға дейін – «жақсы»**

1. Суреттің композициялық шешімін жақсы деңгейде орналастыра білген;
2. Сызықтық перспектива мен бояу түстерін таба білген;
3. Заттардың көлемін ренктер арқылы көрсету жақсы және жұмыс жақсы деңгейде аяқталған;

**3. Орташа деңгей -5-дан 15 баллға дейін – «қанағаттанарлық»**

1. Суреттің композициялық шешімін орташа деңгейде орналастыра білген;
2. Сызықтық перспектива мен бояу түстерін таба білмеген;
3. Заттардың көлемін ренктер арқылы көрсету орташа және жұмыстың сапасы төмен деңгейде болуы.

**4. Төменгі деңгей 0-4 баллдан төмен – «қанағаттанарлықсыз»**

1. Суреттің композициялық шешімін орналастыра алмаған;
2. Сызықтық перспектива мен бояу түстерін таба білмеген;
3. Заттардың көлемін ренктер арқылы шеше алмаған және жұмыс аяқталмаған.

## **«Композиция 1» пәні бойынша**

### **1. Жоғары деңгей -30-дан 50 баллға дейін – «өте жақсы»**

1. Композиция заңдылықтарын, суретті қағаз бетіне орналастыра білуі;
2. Зат көлемі және ойдың құрылымы;
3. Сызықтық перспектива тапсырмаларын шешу деңгейі;
4. Сурет салу кезінде көлемді заттардың көлемін бере білу қабілеті;

### **2. Жеткілікті деңгей -16-дан 29 баллға дейін – «жақсы»**

- 1.Суреттің композициялық шешімін жақсы орналастыра білген;
- 2.Өзінің композициялық ойы нақты таба білген;
3. Перспектива заңдылығымен көленкे, жарық бере білу қабілеті жақсы;
- 4.Бояу жағудың техникасын меңгеруі жақсы.

### **3. Орташа деңгей -5-дан 15 баллға дейін – «қанагаттанарлық»**

- 1.Суреттің композициялық шешімін орташа деңгейде орналастыра білген;
- 2.Перспектива мен бояу түстерін таба білмеген;
3. Суреттегі ой шашыраңқы және жұмыс төмен деңгейде болуы;
4. түстік шешімдерді дұрыс таңдай алмаған.

### **4. Төменгі деңгей 0-4 баллдан төмен – «қанагаттанарлықсыз»**

- 1.Суреттің композициялық шешімін орналастыра алмаған;
- 2.Сызықтық перспектива мен бояу түстерін таба білмеген;
3. Заттардың көлемін ренктер арқылы шеше алмаған және жұмыс аяқталмаған;
4. Көпозициялық ой мұлдем жоқ.

**B030 – «Бейнелеу өнері» білім беру бағдарламалары  
тобыталапкерлеріне арналған шығармашылық емтихан бойынша  
қысқартылған оқу түріндегі талапкерлеріне арналған бағалау  
критерийлері  
(оқу мерзімі - 3 жыл)**

**1. Жоғары деңгей -16-дан 20 баллды қоса – «өте жақсы»**

1. Жұмыс өте жоғары деңгейде, барлық композиция заңдылықтарына сай орындалған;
2. Заттарды қағаз бетіне орналастыруы және конструктивтік құрылымын бейнелеуі, көлеңке-жарықты беруі өте жоғары деңгейде;
3. Заттардың материалын беруде тамаша шеберлік көрсеткен. Сурет салу техникасын өте жоғары менгерген.

**2. Жеткілікті деңгей -11-ден 15 баллға дейін – «жақсы»**

1. Жұмысты талапқа сай орындаған, композиция заңдылықтары арқылы орындалған;
2. Суреттің орындалу техникасын жақсы менгерген, қағаз беріне орналастыру және көлеңке-жарық беруі жақсы;
3. Кеңістік пен материалдықты жақсы берген, сурет салу техникасы жақсы.

**3. Орташа деңгей -5-тен 10 баллға дейін – «қанағаттанарлық»**

1. Сурет қағаз бетіне орташа орналастырған, сызықтық перспективасын көрсете алмаған;
2. Заттардың көлемін жарық пен көлеңкесі және композициялық шешімін орташа ұйымдастырылған;
3. Заттың штрихталуы орташа және жұмыс толық аяқталмаған.

**4. Төменгі деңгей 0-4 баллдан төмен – «қанағаттанарлықсыз»**

1. Суретті қағаз бетіне орналастыра алмаған, перспектива заңдылығы мүлдем сақталмаған;
2. Заттардың жарық пен көлеңкесі көрсетілмеген және композициялық шешім жоқ;
3. Штрих дұрыс істелмеген және жұмыс бітпеген.

## **Әдебиеттер тізімі**

1. Болысбаев Д.С.Кескіндеме техникасы және кескіндемелік материалдардың технологиясы.-Шымкент: Әлем, 2017. -218 б.
2. Болысбаев Д.С. Тұстану.-Шымкент: Әлем, 2017. -168 б.
3. Бұркітбаев Т.С. Сурет. –Шымкент: М.Әуезов ат.ОҚМУ, 2015. -104 б.
4. Прокофьев Н.И. Техника и технология живописных материалов. М., 2013. -152 с.
5. Анисимов Н.Н. Основы рисования. М., «Искусство» 2011. 148 с.
6. Барщ А. Наброски и зарисовки. М, 2010.
7. Тулебиев А.Т. Учится рисовать. - Алматы :Рауан, 2012. - 62с.